

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 қыркүйек N 1345

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның отандық тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы шеңберіндегі қаражаттан 4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың) АҚШ доллары мөлшерінде әйелдер кәсіпкерлігін несиелендіру туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Темірбанк" ашық акционерлік қоғамын әйелдер кәсіпкерлігін несиелендіру жөніндегі уәкілетті банк етіп айқындау туралы ұсынысы назарға алынсын.

3. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Эксимбанк) белгіленген тәртіппен отандық тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы шеңберінде жобаларды несиелендіруге бөлінетін қаражат есебінен әйелдер кәсіпкерлігін несиелендіру үшін уәкілетті банкке 5 жылға дейін жылдығына 5 (бес) пайыз сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша несие қаражатын бөлсін.

4. Жобаларға арналған несиелер жөніндегі уәкілетті банк "Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шараларды іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 қарашадағы N 1162 P981162_ қаулысына с ә й к е с м а р ж а б е л г і л е с і н .

5. Эксимбанк уәкілетті банкпен бірлесіп Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау

жөніндегі агенттігіне әйелдер кәсіпкерлігін несиелендіру туралы тоқсан сайын есеп берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК